ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
ҚОРЫ

KAZAKHSTAN
DEPOSIT
INSURANCE
FUND

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2012



050010 Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 181 үй
Тел./факс: +7 727 291 38 29
root@kdif.kz, www.kdif.kz

Жылдық есепті безендіруде суретші В.Гвоздевтің (Шеге) еңбектерінің үзінділері қолданылды

ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ:

Халықтың депозиттерін кепілдендіру және банктерді өз қызметтерін жауапкершілікпен атқаруға ынталандыру арқылы Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтылығына және қоғамның қаржы жүйесіне деген сеніміне қолдау көрсету.

ҚОРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ:

Халықтың банктердегі салымдарының сақталуына және жалпы елдің банк жүйесіне деген сенімін қолдау үшін Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының негізгі қағидаларына сәйкес келетін Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесінің аса тиімді жұмысын қамтамасыз ету.

ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ:

- тиімді корпоративтік басқару;
- сақтандыру жағдайының басталуына дайын болу;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметі туралы жұртшылықтың хабардарлығы;
- қор қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЖ	Ақпараттық жүйе
АТМАК	IADI Азия-Тынық мұхит аймақтық комитеті
«БАТА» АЖ	«БАТА» ақпараттық жүйесі (Банктерді Талдау атауынан ықшамдалып алынған)
ДКБЖ	Депозиттерге кепілдік беру жүйесі
ДСЖХҚ, IADI	Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (International Association of Deposit Insurers)
ЕААК	IADI Еуразиялық аймақтық комитеті
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
Қаржы қадағалау комитеті	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті
ҚҚҚ	Қазақстан Қаржыгерлерінің Қауымдастығы
Қор	Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры
Қосылу шарты	Қатысушы банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Негізгі қағидалар	Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидалары
«САЛТ» АЖ	«САЛТ» ақпараттық жүйесі («Салымшылардың Тізімі» атауынан ықшамдалып алынған)

МАЗМҰНЫ

Төрайымның үндеуі	4
Корпоративтік басқару	6
2012 жылдағы Қазақстанның банк секторы	10
Заңнаманы жетілдіру	12
Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкестігін бағалау жұмыстарын жүргізу	14
Банктерді тарату және салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу	16
Кепілдік берілген өтемді төлеу жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру	18
Қордың арнайы резерві	20
Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі	22
«БАТА» жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі және ақпараттық жүйесі	23
Активтерді инвестициялау	25
Қызметкерлерді басқару	26
Тәуекелдерді басқару жүйесі	28
Халықаралық ынтымақтастық	29
Жұртшылықты хабардар ету	30
Оқиғалар күнтізбесі – 2012	32
Аудитордың есебі және қаржылық есептілік	34

ТӨРАЙЫМНЫҢ ҮНДЕУІ

2012 жылға көз жүгіртсек, Қазақстанның банк жүйесі үшін бұл жыл оңай болған жоқ, себебі қаржы дағдарысының салдары көрініс тапты. Банк активтерінің сапасы бұрынғысынша төмен болып отыр, кейбір банктер үмітсіз активтері бойынша шығындарын мойындады. Кейбір банктердің қайта құрылымдау қорытындысының белгісіз болуына байланысты банктердің дефолтқа ұшырау мүмкіндігі жоғары деңгейде сақталды. Дегенмен, жыл соңына қарай банктердің жиынтық активтерінің және несие портфелінің жағымды өсу үрдісі байқалды.

Сонымен бірге, депозиттердің көлемі 9,4%-ға немесе 8,5 миллиард теңгеге өсті. Депозит базасының өсуінің басты себебі банктің төлеуге қабілетсіздігі жағдайында мемлекеттің кепілімен қамтамасыз етілген депозиттер Қазақстандағы жалғыз сенімді инвестициялау құралы болып отыр. Мемлекеттің кепілдік берілген өтемді бес миллион теңге көлемінде сақтау туралы шешімі халықтың банк жүйесіне деген сенімін айтарлықтай нығайтты.

«Дағдарыс» сөзінің қытай тіліндегі жазбасы екі иероглифтен тұратыны белгілі: біріншісі «қауіп» деген мағынаны, екінші иероглиф «қолайлы жағдай» дегенді білдіреді. Біздің ұйым үшін қаржы тұрақсыздығы кезіндегі шынайы қауіп банктің банкротқа ұшырауы болса да, өз жұмысымыздың тиімділігін арттыру үшін бұл қолайлы жағдай болып табылады.

Банк жүйесінің өткен жылғы жұмыс істеу жағдайын ескере отырып, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры салымшылар алдындағы міндеттерін орындау үшін өз қызметінде операциялық дайындығын арттыруға ерекше көңіл бөлді. Қор үшін операциялық дайындық дегеніміз, ең алдымен таратылып жатқан банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді ең қысқа мерзім ішінде төлеу мүмкіндігі. Дәл осы мақсатпен Қор есепті жыл ішінде, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде апробациядан сәтті өтіп жатқан «САЛТ» ақпараттық жүйесін дайындады.

Өткен жыл есте қаларлық тағы бір жағдаймен ерекшеленді, Қордың Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкестігін бағалау жұмыстары жүргізілді. Бұл

қағидалар 2009 жылы Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығымен және Базель банктік қадағалау комитетімен бірлесе жасалған. 2011 жылдың көктемінде бұл қағидалар қаржы тұрақтылығының халықаралық стандарттарының қатарына енді. Жүргізілген өзін-өзі тексеру жұмыстары Қор қызметінің ең әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік беріп, оның әрі қарай дамуының бағытын анықтады.

Қор өз міндеттерін кез-келген уақытта орындай алатын, қаржылай тұрақты ұйым болып табылады. 2012 жылдың қорытындысы бойынша 9,7 миллиард теңге көлемінде таза табыс алынды, Қор активтері өткен жылмен салыстырғанда 16%-ға өсті.

Қор қызметінің болашақ бағыты операциялық міндеттерін атқару кезіндегі ықтимал тәуекелдерді бағалау мүмкіндігін және банктің банкротқа ұшырау мүмкіндігін болжау кезіндегі өз мүмкіндігін арттыру болып табылады. Осы орайда, Қор қатысушы банктің тәуекел деңгейіне мөлшерленген күнтізбелік жарналарды есептеу әдістемесін жетілдіру бойынша жұмысын жалғастырады. Проблемалы банктерді тиімді реттеу тәсілдерін дамыту жұмыстары жалғастырылады. Бұл үлкен жоба, жобаға Қор өзінің Ұлттық Банктегі және Қаржы қадағалау комитетіндегі әріптестерімен бірлесе қатысып отыр.

Қорытындылай келе, қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамытуда көрсеткен қолдауы үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және Қаржы қадағалау комитетінің әріптестері мен серіктестеріме, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, сондай-ақ IADI хатшылығына және мүшелеріне шын жүректен алғысымды білдіремін.

Құрметпен,

Бақыт Мәженова

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрайымы

Дина Ғалиева
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қордың бірден бір акционері, құрылтайшысы және жоғарғы басқару органы болып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі табылады.

Акционер уәкілеттілігіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалиева Дина Түлеубекқызына берілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сегіз мүше кіреді, соның ішінде үш тәуелсіз директорлар және Қордың Төрайымы.

Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ақышев Дәнияр Талғатұлы.

2012 жылы Қордың Директорлар кеңесімен тоғыз жиналыс өткізіліп, келесі сұрақтар талқыланды:

- 2012-2016 жылдардағы мерзімге Қордың Стратегиялық даму жоспарын бекіту; Қордың 2013 жылға бизнес-жоспарын бекіту; 2013 жылға Қордың ақпараттық-түсіндіру қызметінің тұжырымдамасын бекіту;
- мәжбүрлі түрде таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеу Ережесін бекіту;
- Қордың бірқатар құжаттарына, соның ішінде міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау Ережесіне, Қосылу шартына, Қордың Салықтық есеп саясатына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-нда қорғауға жататын мәліметтерді ұйымдастыру және сақталуын қамтамасыз ету Нұсқауын бекіту және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2010 жылғы 4 наурыздағы №2 хаттама) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-да қорғауға жататын Мәліметтер тізімінің қолданылуын тоқтату;
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережесін бекіту;
- Қордың ұйымдық құрылымындағы өзгерістерді бекіту;
- жеке тұлғалардан жаңадан тартылған депозиттер бойынша ұсынылатын ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін бекіту;

және Қордың қызметіндегі тағы басқа мәселелер талқыланды

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

ДӘНИЯР АҚЫШЕВ

Директорлар кеңесінің Төрағасы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

БАҚЫТ МӘЖЕНОВА

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының Төрайымы

МҰХТАР БӨБЕЕВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті Төрағасының орынбасары

ГҮЛФАЙРУС ШАЙҚАҚОВА

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Зерттеу және стратегия департаментінің директоры

ВИТАЛИЙ ТУТУШКИН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы тұрақтылығы департаменті директорының орынбасары

БЕЙСЕНБЕК ЗИЯБЕКОВ

Тәуелсіз директор

СЛАВА СИЗОВА

Тәуелсіз директор

ЖАНАТ ҚҰРМАНОВ

Тәуелсіз директор

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

Қордың Консультативтік кеңесі депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің өкілдерінен құралады.

Консультативтік кеңес Қорға ұсыныстар, кеңестер беріп, консультациялар өткізіп, депозиттерге міндетті кепілдік беру сұрақтары бойынша құжаттарды дайындауға көмектеседі.

Консультативтік кеңестің құрамы жыл сайын сайланады және Қордың Төрайымымен бекітіледі.

Консультативтік кеңестің Төрағасы кеңес мүшелерімен жыл сайын сайланады. 2012 жылы Консультативтік кеңес Төрағасының міндеттерін Консультативтік

кеңес мүшелері сайлаған «Қазкоммерцбанк» АҚ өкіліне тапсырылды.

Есеп беру жылында Қордың Консультативтік кеңесінің жиналыстарында келесі сұрақтар талқыланды:

ПАВЕЛ МИРОНОВ «KASPI BANK» АҚ
ӘЛИЯ БЕРГАРИПОВА «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
АИДА ДЕРЕВЯНКО «АТФБАНК» АҚ
МҰРАТ ӘБІШЕВ «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
ИРИНА ПАРАМОНОВА «ТЕМІРБАНК» АҚ

- қатысушы банктерде кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін орнату жұмыстарын ұйымдастыру;
- Қордың Консультативтік кеңесі туралы Ережесіне, міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау Ережесіне, Қосылу шартына, мәжбүрлі түрде таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеу Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- банктерді мәжбүрлі түрде тарату тәжірибесін ескере отырып кепілдік берілген өтемді төлеу процесін жетілдіру, Қордың «САЛТ» АЖ дайындау және т.б.

ТАТЬЯНА БЕЛОЗЕРЦЕВА	«АЛЬЯНС БАНКІ» АҚ
ТАТЬЯНА БЕЛОВА	«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ 2012 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАЙЫМЫ
ИРИНА СТЕПАНОВА	«BANK RBK» БАНКІ» АҚ
ДӘУРЕН ҚАРАБАЕВ	«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ
СЕРГЕЙ ИНЮШИН	«РЕСЕЙ ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ

2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНК СЕКТОРЫ

Қазақстанның экономикасы 2007-2009 жж. қаржы дағдарысынан әлі толықтай қалпына келген жоқ, дағдарыстың негізгі тәуекелдері маңызды дәрежеде сақталуда. Қысқаша айтып кететін болсақ – бұл төмен сапасын қоса алғанда, кредиттік портфельдің төмен қарқында өсуі, осының нәтижесінде үмітсіз қарыздардың орнын жаңадан берілген стандартты қарыздар өте баяу басуда. Кредиттік портфельдің төмен сапасы банктердің балансты тазалау жұмыстарын қарқынды жүргізуді талап етеді. Қаржыландыру көзі ретінде тек ішкі депозиттерге сүйену банктердің сырты шоктарға тұрақтылығын жоғарлатқанмен, ұзақ мерзімді жобаларды тиісінше қаржыландыруға мүмкіндік бермейді, бұл жағдай экономиканы банктік кредиттеудің маңыздылығын төмендетеді. Банктердің өтімділігінің жалпы деңгейі жоғарылады, бұл жағдайға қысқа мерзімге орналастырылған депозиттердің өсуі себеп болды, бірақ капиталдың және банк активтерінің пайдалылық көрсеткіші төмен болып отыр және ең алдымен пайызсыз кіріспен анықталады. Қаржыландыру көздерінің сенімділігіне қатысты белгісіздік, активтер бойынша ықтимал шығындарды өтеу үшін қор жинау қажеттілігі және т.б. банктерді қолма-қол ақшалай қор жинауға және кредиттік қызметін шектеуге итермелейді.

2008 жылы жиынтық активтердің, ЕДБ-дің несие портфелінің және клиенттерінің салымдарының ЖІӨ-ге қатынасының төмендеуі қаржы дағдарысының басталғандығына байланысты болды. Несие портфелінің және жиынтық активтердің ЖІӨ-ге қатысты төмендеу үрдісі бүкіл мерзім ішінде 2012 жылдың шілде айына дейін байқалды. Бірақ, есепті жылдың ортасынан бастап бұл көрсеткіштердің оң өзгерісі байқалды, сәйкесінше 1%, 2,1% және 0,1% өсті. Банк активтерінің жылдық өсімі 8,2%, немесе 1,0 триллион теңге болды, соның ішінде жиынтық активтер 13,8 триллион теңгеге жетті.

Қазақстанның банк секторының негізгі проблемасы бұрынғыдай активтердің сапасының төмендігі болды. Жалпы күмәнді активтердің үлесі 5,7% төмендеді, алайда үмітсіз активтердің үлесі 4,8% өсті.

Экономикадағы банк секторы



2012 жылы жиынтық несие портфелі 11,3% (1,2 триллион теңге) өсіп, 11,7 триллион теңгені құрады. Сонымен қатар, есепті жылдың ішінде несие портфелі сапасының шамалы жақсаруы байқалды: қарыз бойынша 90 күннен астам төлем мерзімі өткен төлемдердің үлесі 0,9% төмендеді, ал жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі 2% қысқарды.

Қарызгерлерге деген талаптардың күшейтілуі несие портфелінің төмендеуіне әкелді, дегенмен 2009 жылдың маусым айынан бастап банктерде несие портфелі баяу өсе бастады. Жұмыс істемейтін кредиттердің деңгейі жоғары болып тұр – 2013 жылдың 1 қаңтары бойынша 35,7% тең. Банктердің кейінгі кезде өткізетін қарыздарды қайта құрылымдау көмегімен кредит портфелін сауықтыру тиімділігі аса жоғары болған жоқ, өйткені банктер көбінесе «жұмсақ» қайта құрылымдау түрін қолданады (көбінесе, борышты өтеу кестесін өзгерту арқылы), банктер қарызгерлер борышының бір бөлігін кешіруге және өзіне борышты кешіруден болған шығынды алуға дайын емес.

Қазақстандық банктердегі жеке тұлғалардың жиынтық депозиттік базасы жыл ішінде 9,4%-ға немесе 8,5 миллиард теңгеге өсті. Депозиттер екінші деңгейдегі банктердің негізігі қаржыландыру көзі болып отыр. Осылайша, 2010 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда, банктердегі депозиттердің үлесі 27,9%-ға өсіп, ЕДБ-дің жиынтық міндеттерінің 71,9%-ын құрады. Ішкі депозиттер көлемінің ұлғаюының жоғарғы үрдісі банктік секторды қолдау үшін қолданылған шаралар арқасында халықтың сенімін сақтау, соның ішінде кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасының бес миллион теңге деңгейінде тұрақты түрде сақталуына байланысты. Халықтың салымдарының көлемі соңғы үш жыл ішінде өсу үрдісін көрсетуде, соңғы жылдағы өсім 23,6% немесе 651 миллиард теңгеге тең, ал заңды тұлғалардың депозиттері керісінше 2012 жылы 65%-дан 60%-ға қысқарды. 2013 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша депозиттік базаның құрылымының ең көп бөлігін жалпы үлесі 67,4% мерзімді салымдар алады, одан кейін ағымдағы шоттар (31,5%), талап етуге дейінгі салымдар (0,7%) және шартты салымдар (0,4%).

Депозит базасы құрылымының динамикасы



2009-2013 жж. несие портфелі сапасының динамикасы

ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

Заңнамалық ортаны жетілдіру Қор қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, Қор келесі заңнамалардың жобасын дайындауға белсенді қатысты:

- Қазақстан Республикасының Қаржы Кодексінің жобасы;
- Қазақстан Республикасының келесі Заңдарының жобалары: «Мемлекеттік міндетті зейнетақы жинақтау жүйесі туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы», Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы, салық салу мәселелері бойынша, соның ішінде «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға жасалған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының келесі қаулылары:

  – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрылтайшысы (уәкілетті орган) немесе акционері болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттеу жөніндегі ережені бекіту туралы»;

  – «Кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелер қабылдайтын қатысушы (қатысушылар) банктегі (банктердегі) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның заемдар беру және депозиттерді орналастыру қағидаларын бекіту туралы»;

  – «Екінші деңгейдегі банктерді консервациялау және банкті басқару (банктің уақытша басқарушысы) жөніндегі уақытша әкімшіліктің банктің жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру бойынша операцияны жүзеге асыруы туралы ережені бекіту туралы»;

  – «Акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларының тізімін ұсыну туралы».

Сонымен қатар, Қор қаржылық ұйымдарды тарату рәсімін жетілдіру, тарату өндірісіндегі арнайы резервтен келтірілген шығындар бойынша Қор талаптарын орындау кезектілігі мәселелерін реттеу, Қазақстан Республикасының тұрақты банкті құру және оның қызмет етуі мәселелері, банктің басқа банкке бір мезгілде активтерді және міндеттемелерді беру операциясы, банктерді консервациялау және қаржы ұйымдарын уақытша басқармасының құрамы бойынша Заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар жасау бойынша құрылған жұмыс топтарының құрамына кірді.

Қордың өз қызметіне байланысты, 2012-2016 жылдардағы мерзімге Қордың Стратегиялық даму жоспарының шеңберінде, және операциялық қызметтерінің: Қосылу шарты, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесі, Қосылу шартымен белгіленген қатысушы банктерде кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін орнату ережесі, Мәжбүрлі түрде таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеу ережесі сұрақтарына қатысты Қордың ішкі нормативтік құжаттары мен процедураларын жетілдіру бойынша жұмыстар атқарылды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДЕПОЗИТТЕРДІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ

Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (ДСЖХҚ) Базельдік банктерді қадағалау комитетімен (ББҚК) бірлесіп дайындаған «Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидалары» (бұдан әрі – Негізгі қағидалар) құжаты 2009 жылдың маусым айында қабылданды.

18 қағидалар келесі қызмет салаларына жатады: мемлекеттік саясаттың міндеттері, қаржы қауіпсіздігі жүйесінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттестік орнату, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті түрде мүше болу, депозиттерге кепілдік беру жүйесін қаржыландыру, жұртшылықты хабардар ету, проблемалы банктердегі жағдайды реттеу жұмыстарымен айналысатын қызметкерлерді құқықтық қорғау, ерте анықтау және дер кезінде интервенция және реттеу жұмыстарын жүргізу, салымшыларға өтемді төлеу және депозиттерді сақтандырушылардың шығындарын өтеу және т.б.

Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің ДСЖХҚ және ББҚК Негізгі қағидаларына сәйкестігін бағалау үшін Европа комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) және Дүниежүзілік Банк (ДБ) өзара келісіп, 2010 жылы бірлесе отырып Негізгі қағидаларды ұстануды бағалау әдістемесін дайындап жариялады. Депозиттерге кепілдік беру жүйелерін талдау және олардың Негізгі қағидаларға сәйкестігін бағалау ХВҚ және ДБ қаржы секторын бағалау бағдарламасына (FSAP) қосылған.

Бағалауды үш тәсілмен жүргізуге болады: 1) өзін-өзі бағалау – депозиттерді сақтандыратын ұйымның өзі жүргізеді; 2) реттеу органдарымен – Орталық банкпен немесе қаржы нарығын реттейтін уәкілетті органмен жүргізіледі; 3) халықаралық сарапшылармен.

Қор қызметін бағалау жұмыстары екі рет жүргізілді: алдымен Қордың қызметкерлерімен, немесе өзін-өзі бағалау, ал кейін Ұлттық Банк және Қаржы нарығын қадағалау комитетінің өкілдерімен бірлесіп жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізген кезде Қор 18 қағидалардың ішінен 16 қағидаларды қарады, себебі қалған екі қағидалар: «Трансшекаралық қызметтің мәселелері» (7-қағида) және «Шектеусіз кепілдендіруден кепілдік берілген өтемнің шектеулі мөлшеріндегі сақтандыру жүйесіне өту» (10-қағида) – қазақстандық ДКБЖ-не қатысты қолданылмайды.

Қаралып жатқан қағидалардың кейбір сұрақтары («Ерте анықтау және дер кезінде интервенция және реттеу жұмыстарын жүргізу», «Банктердің қаржылық дәрменсіздігін тиімді реттеу процестері») Қор құзыретінде болмағандықтан, Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен әділ және жан-жақты бағалау жұмыстарын өткізу

мақсатында ҚРҰБ және ҚРҰБ-нің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі - Комитет) өкілдерімен бірлесіп жұмыс тобы құрылды. Бағалау жұмыстары есепті жылдың мамыр айынан бастап қазан айына дейін жүргізілді. Реттеу органдарының нәтижелері бойынша сәйкес келу бағалары Қор жүргізген өзін-өзі бағалау нәтижелерінен жалпы алғанда жоғары болды.

Бағалау жұмыстарының нәтижесі бойынша Қордың қызметі келесі қағидаларға сәйкес келмеді:

«Құқықтық қорғау» – атап айтқанда, Қазақстан заңнамасымен өздеріне жүктелген міндеттерді атқару кезінде, қабылдаған шешімдері және әрекеттері үшін Қордың, ҚРҰБ және Комитет қызметкерлерін сот қудалауынан қорғау қарастырылмаған.

«Ерте анықтау және дер кезінде интервенция және реттеу жұмыстарын жүргізу» – анық жазылған проблемалы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу механизмінің болмауы.

«Банктердің қаржылық дәрменсіздігін тиімді реттеу процестері» – P&A және Bridge Bank практикалық жүзеге асырудың процедуралық мәселелері түзетуді талап етеді, соның ішінде берілген процедураларды қаржыландыруға жауапты уәкілетті органды анықтау, P&A және Bridge Bank операцияларын жүргізу шеңберінде Қормен ұсынылған қаржыны қайтару бойынша мерзімді, шарттарды және кезектілікті анықтау, дебиторлық қарызды (несиелік портфель) және материалдық емес активтерді талап ету құқығын бағалау әдістемесін анықтау, проблемалы банктердің несие портфелін және басқа сатуға қиын активтерін өткізу нарықтық механизмін дамыту, P&A және Bridge Bank операцияларын жүргізген кезде банктік қызметтің үздіксіздігін сақтап қалу.

БАНКТЕРДІ ТАРАТУ ЖӘНЕ САЛЫМШЫЛАРҒА КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

2012 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша екі банк «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату процесінде.

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ 2005 жылдың қараша айынан бастап сот шешімі бойынша таратылуда. Осы мерзім ішінде Қор банктің салымшыларына жиынтық сомасы 679,5 миллион теңге кепілдік берілген өтемді төледі немесе төленуге тиіс соманың 88% төледі. Қалған 92,5 миллион көлеміндегі төленбеген кепілдік берілген өтем сомасын 1 тиыннан 500-1000 теңге көлеміндегі «ұйқыдағы шоттар» құрайды, ол шоттар бойынша кепілдік берілген өтемді алу үшін депозиторлар Қорға хабарласқан жоқ.

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясы Қорға оның жалпы талаптарының 88% өтеді. 2009 жылдан бері кредиторлардың талаптары, Қор талаптарын қосқанда, орындалған жоқ. Кредиторлар алдындағы міндеттерін орындамауының басты себебі банк активтерінің өткізуін қиындатқан дағдарыс әсері, сонымен қатар «Қазагропромбанк» АҚ-да («Наурыз Банк Қазақстан» АҚ-ның құқық мирасқоры) құжаттар дұрыс жасалмағандықтан, кепілзатпен қамтамасыз етілмегендіктен дебиторлық қарызды өтеуінде қиындықтардың болуы. Қазіргі уақытта Қор өкілі банктің кредиторлар комитетінің төрағасы міндетін атқаруда. Банктің таратылуы аяқталу кезеңінде.

«Валют-Транзит Банк» АҚ тарату рәсімі 2007 жылдың наурыз айынан бастап өткізілуде. Төленген өтемнің жалпы сомасы 13,9 миллиард теңгені құрады. Осы банк бойынша кепілдік берілген өтемнің қалған сомасы Қордың жиынтық міндеттері сомасының 2% құрайды, бұл шоттардың да көп бөлігі «ұйқыдағы шоттардан» тұрады.

Есепті жылдың соңына банктің тарату комиссиясымен өтелген Қор талаптарының мөлшері шамамен жеті миллиард теңгеге немесе Қор талаптарының 49,43%-на тең болды.

Қор қызметкерлері әр айда таратылып жатқан банктердің салымшыларымен кездесулер өткізіп, ағымдағы тарату процесі бойынша мәлімет беріп, Қазақстан Республикасындағы депозиттерді кепілдендіру сұрақтары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қор «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясының жұмысына қатысады.

«Валют-Транзит Банк» АҚ және «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ кредиторлар комитеті құрамында Қор наразылық-талап арыздық жұмысының жүргізілуіне, банк активтерін өткізу және әкімшілік шығындары бойынша бақылау жүргізеді.

«Валют-Транзит Банк» АҚ кредиторлар комитетінің бастамасымен банкте аудит жүргізілді, аудит нәтижелері бойынша активтердің нақты бағасы бойынша тұжырым алынды.

Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігі Басшысының тапсырмасын орындау үшін 2012 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұйрығымен «Валют-Транзит Банк» АҚ күрделі мәселелерін қарайтын жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өкілдері кірді – Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті, Бас прокуратура, Сот актілерін орындау комитеті, Жоғарғы сот, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Қаржы Министрлігі, Қарағанды облысының әкімдігі және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ.

2012 жылы жұмыс тобының 5 отырысы өтті, онда банктерді тарату мәселелері және оларды шешу жолдары қаралды.

Тарату комиссияларының Қор талаптарын өтеу динамикасы (%)



Тарату комиссияларының Қор талаптарын орындауы



КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Қор өзінің басты міндеттерінің бірін – қатысушы банктің мәжбүрлі түрде таратылған жағдайында салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу жұмысын тиімді атқару үшін 2011 жылдан бастап арнайы «САЛТ» ақпараттық жүйесін дайындап жатыр, бұл ақпараттық жүйе келесі бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған:

1) қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорында салымшылар туралы ақпараттар құрылысы мен толықтығының Қор талаптарына сәйкестігін анықтау;

2) мәжбүрлі түрде таратылған банктің тарату комиссиясынан алынған деректерді жүктеу және өңдеу;

3) агент банктен алынған кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша мәліметтерді жүктеу және өңдеу.

«САЛТ» ақпараттық жүйесі барлық аталмыш процестерді едәуір тездету мен бұл процестердің механикалық міндеттерінде адами факторды жою арқылы қателерді азайту мақсаттарына ие, ал бұл, ақырғы аяғында, мәжбүрлі түрде таратылған банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді Қордың төлеуі бойынша мерзімді сақтауға септігін тигізеді.

Өңделіп жатқан ақпараттық жүйенің функционалдық мүмкіндіктеріне төмендегілер жатады:

- Депозиторлар тізімін жүктеу, оны толықтай талдау және қателерді анықтау;
- Депозиторлар тізімінің ЕДБ-дің бухгалтерлік есебінің толық есепшот жоспарына сәйкестігін тексеру;
- агент банктің төлемдер бойынша есептемесін жүктеу және Депозиторлар тізіміне сәйкестігін автоматты түрде тексеру;
- агент банк төлем жасаған клиенттердің құжаттар жинағын Депозиторлар тізімімен салыстырып тексеру және оларды жүйедегі арнайы интерфейс арқылы толықтығына тексеру;
- барлық салымшылар бойынша және әрбір салымшы бойынша төлемдер тарихын бақылау мүмкіндігі;
- тарату комиссиясынан және агент банктен келіп түсетін ақпараттарды бірегей дерекқорда сақтау;
- жүйеге жүктелген ақпараттарды Қормен талдау және статистика жүргізу мақсатында икемді есептемелерді дайындау (нақты белгіленген есептемелерден басқа).

Есепті жыл ішінде «САЛТ» ақпаратты жүйесінің төменде көрсетілген алты модульдерінің алғашқы төртеуі жүзеге асырылды:

1. «Мобильді тексеру»;
2. «Депозиторлардың тізімі»;
3. «Салымшылар»;
4. «Аналитика»;
5. «Төлемдер бойынша есептеме»;
6. «Салымшылардың құжаттар жинағын тексеру».

Есепті жылы Қор қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шартының талаптарына сәйкестігін орнату іс-шараларын ұйымдастыру үшін «Мобильді тексеру» модулін қолдана бастады (бұдан әрі – Іс-шаралар). Бұл модульдің міндеті Депозиторлар тізімінің толықтай құрылымды талдауы және Қор бекіткен талаптарға сәйкестігін тексеру. Өз атауын берілген модуль қатысушы банктерде Іс-шараларды жүргізу кезінде қолданылуы үшін алған. Бұл жағдайда қатысушы банкке берілген модульді Қормен қолданудың бірнеше нұсқаларының ішінен біреуін таңдау мүмкіндігі беріледі: модульді банктің серверлік жабдықтауында немесе Қордың мобильді серверінде орнату. Модулдьдің әрекеттегі банкте және мәжбүрлі түрде таратылған банкте қолданылуы оның ерекшелігі болып табылады. Сонымен қатар, Қордың берілген бағдарламалық өнімі қатысушы банкке ақысыз негізде және тұрақты түрде қолдануға беріледі.

«Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерінде кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін орнату ережелерінің» күшіне енген сәтінен бастап, яғни 2009-2012 жж. аралығында, Іс-шаралар 32 банктерде жүргізілді, соның ішінде есепті жылы 14 банктерде жүргізілді. Солардың ішіндегі бес банкте анықталған сәйкессіздіктерге байланысты Қор берілген Іс-шараларды қайта өткізуге мәжбүр болды. 2012 жылы Іс-шараларды жүргізу кезінде «Мобильді тексеру» бағдарламалық өнімі 5 қатысушы банктерде қолданылды.

Қор «САЛТ» ақпараттық жүйесін дайындау жұмысын аяқтауды және оны тәжірибелі пайдалануға беруді 2013 жылға жоспарлап отыр.

ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВІ

Мәжбүрлі түрде таратылып жатқан банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу Қормен арнайы резерв қаржысынан жүзеге асырылады. Негізгі қағидаларға сәйкес осы резерв жинақтаушы негізінде құралады (ex ante funding). Бірақ, Қазақстан заңнамасымен, арнайы резервтің жетіспеушілігі пайда болған жағдайда, Қордың арнайы резервін толтыру сақтандыру жағдайынан кейін де қарастырылған (ex post funding). Осылайша, Қордың арнайы резерві аралас негізде шоғырлануда.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңға сәйкес, Қордың арнайы резервін қалыптастыру көздері:

- Қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік (тоқсандық негізде алынатын) және қосымша жарналары (кепілдік берілген өтемді төлеу үшін пайда болған арнайы резерв жетіспеушілігін жабу мақсатында алынатын қатысушы банктердің бір жолғы төлемдері);
- Қосылу шарты бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылатын айып;
- Мәжбүрлі түрде таратылып жатқан қатысушы банкпен банк салымшыларына төленген (төленіп жатқан) кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша;
- Өз активтерін қаржылық құралдарға орналастырудан түскен Қордың инвестициялық кірісі;
- Елу пайыздан аспайтын Қордың жарғылық капиталының үлесі (Акционердің шешімі бойынша).

Есепті жылдың аяғында арнайы резерв бір жылда 39 миллиард теңгеге өсіп (немесе 24 %) 200,1 миллиард теңгені құрады. Соның ішінде қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналары 89,4 миллиард теңгені, қатысушы банктердің тарату комиссияларынан салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша қарызды өтеу ретінде алынған сома 7,7 миллиард теңгені, Қордың 2000-2011 жж. таза кірісі 29,8 миллиард теңгені, Қордың жарғылық капиталының 50% 73,2 миллиард теңгені құрады.

ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2011 жылдың 31 желтоқсанына



- Қатысушы банктердің жарналары
- Жарғылық капиталдың 50 %
- 2000-2010 жж. таза табыс
- Тарату комиссиялардан түсімдер

2012 жылдың 31 желтоқсанына



- Қатысушы банктердің жарналары
- Жарғылық капиталдың 50 %
- 2000-2011 жж. таза табыс
- Тарату комиссиялардан түсімдер

ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВІНІҢ МАҚСАТТЫ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Депозиттерге кепілдік беру ұйымдары үшін арнайы резервтің жеткіліктілігі мәселесі өте маңызды, себебі арнайы резервтің деңгейі жоспарлы кезеңдегі ұйымның қаржылық тұрақтылығын анықтайды, оның ықтимал шығындарын және қаржы ресурстарына деген тиісті қажетілігін бағалайды және ұйымның қатысушы банктердің жарна мөлшерлемелерін қайта қарастырудың қажеттілігі бөлігінде, ұйымның инвестициялық стратегиясын түзету бөлігінде және т.б. ұйымның жүргізетін іс-шараларын анықтауға көмектеседі.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес арнайы резервтің жеткіліктілігі деңгейін бағалау кезінде келесі шарттарды ескеру ұсынылады:

- арнайы резервтің мөлшері банк секторындағы ауыр қиыншылықтар кезіндегі шығынды (депозиторларға төлейтін өтемді қосқанда) өтеу үшін жеткілікті болуы қажет, бірақ жүйелік банк дағдарысы кезіндегі шығынды өтеуге арналмаған;
- арнайы резервтің мақсатты деңгейі «құбылмалы» болуы керек, себебі кепілдік берілген өтем мөлшеріне, депозиттерді сақтандыру ұйымдарының ықтимал міндеттемелері көлеміне, банк секторының жағдайына байланысты арнайы резервтің жеткіліктілігі деңгейі ұдайы қайта қарастыруды талап етеді.

Қормен өзінің арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтайтын әдістемесін дайындаған кезде қатысушы банктердің қаржылық жағдайы ескерілді, өтем бойынша ықтимал шығындар бағаланды және басқа өлшемдер ескерілді. Бұл міндетті орындау үшін біріншіден, әлемдік тәжірибеде қолданылатын ДКБЖ-не қатысушы банктердің дефолтқа ұшырау мүмкіндігін анықтайтын әдістемені қосқанда, арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтайтын әртүрлі әдістемелерді зерттеу; екіншіден, арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтайтын модель дайындау және оны есептеу алгоритмін дайындау; үшіншіден, әртүрлі сценарий негізінде (оптимистік, пессимистік және реалистік) арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтайтын көптеген есептеу және сынақ жұмыстарын өткізу.

Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі Қордың Директорлар Кеңесімен 2013 жылдың 21 ақпанында мақұлданды. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес арнайы резервтің мақсатты деңгейі ЕДБ-дегі жеке тұлғалардың жиынтық депозит базасының 5%-нан кем болмауы керек. Әдістемеге сәйкес 2013 жылға болжамалы арнайы резервтің мақсатты деңгейі 7,8 %, ал 31.12.2012 жағдайы бойынша арнайы резевтің деңгейі ДКБЖ-не қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозит портфелінің 5,9%-на тең болды.

«БАТА» ЖАРНАЛАРДЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

«БАТА» (Банкерді Талдау атауынан ықшамдалып алынған) күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесі Қормен 2007 жылы енгізілді.

Қордың күнтізбелік жарнасының мөлшерлемелерін есептеу кезінде сандық және сапалық индикаторлар пайдаланылып, олардың мәндерін есептеу нәтижелері бойынша тоқсан сайын әрбір қатысушы банк бойынша жалпы жинақтаушы балл есептеледі. Тағайындалған жалпы жинақтаушы балл мәндеріне сәйкес қатысушы банк бес жіктеу топтарының біріне жатқызылады, әр топтың өзіне сәйкес күнтізбелік жарна мөлшері бар. Егер банктің қаржылық тұрақсыздық және тәуекелдік дәрежелері жоғары болса, оның күнтізбелік жарна мөлшерлемесі жоғары болады. Осылайша, күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі, жарналардың ортақ мөлшерлемелері жүйесімен салыстырғанда, анағұрлым әділетті болып табылады, өйткені бұл жүйе банктерге тәуекелдерін азайтуға, Қордың және реттеуші органдардың пруденциалдық және басқа да нормативтерін ұстануға және өз қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға қосымша ынталандырады.

Күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесінің әдістемесін модификациялау екі жылда бір рет жүргізіледі. Берілген әдістемеге өзгертулер соңғы рет 2011 жылы енгізілді, әдістемені қайта қарау 2013 жылға бол-

ДКБЖ-не қатысушы банктерді «БАТА» жүйесінің топтарына жіктеу



жанып отыр. «БАТА» АЖ-нің жетілдіруін талап ететін сандық және сапалық индикаторлар қайта қаралады.

Қор ақпараттық жүйенің кейбір модульдерін Қорға ұсынылатын есептіліктерге енгізілген өзгертулерді ескере отырып өзгертті және бекітілген жаңа жеке тұлғалардың депозиттері бойыша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелеріне сәйкес Q-4 сапалық индикаторды есептеу жаңартылды.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша, банктердің басым бөлігі тоқсандық жарна мөлшері 0,11%-ға тең «С» тобына жатады (11 банктер) және тоқсандық жарна мөлшері 0,19%-ға тең «D» тобына жатады (10 банктер). 2012 жылдың ішінде бір қатысушы банк, өзінің көрсеткіштерінің төмендеуіне байланысты, жарна мөлшері жоғары топқа көшті, ал екі қатысушы банк өздерінің көрсеткіштерінің жоғарылауына байланысты жарна мөлшері төмен топтарға өтті.

«БАТА» жүйесінің негізіндегі міндетті күнтізбелік жарналар мөлшерлемелері

«БАТА» жүйесінің жіктеу тобы	«А»	«В»	«С»	«D»	«Е»
Қатысушы банктің күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі (қатысушы банктегі барлық жеке тұлғалардың депозиттерінің сомасынан пайыз)	0,04%	0,08%	0,11%	0,19%	0,38%

АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Есепті жылдың соңында Қор активтері бір жылда 38,4 миллиард теңгеге немесе 15,7 % өсіп, 282,3 миллиард теңгені құрады.

2012 жылы әр түрлі қаржы құралдарына 272,1 миллиард теңге немесе Қордың барлық активтерінің 96,4% инвестицияланды. Жыл қорытындысы бойынша сенімгерлік басқарудағы активтер 37,6 миллиард теңгеге өсті, ал есепті жылы инвестициялық кіріс 14,4 миллиард теңгені құрады (былтырғы жылдың аяғына ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 10,7% өсім).

Қор активтерінің сенімгерлік басқарушысы болып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі табылады. Инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдары мен Қордың активтерін инвестициялау тәртібі заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен анықталады.

Қордың инвестициялық стратегиясы валюта нарығында, банктік секторда, қаржы құралдарының кірістілігінде қалыптасқан жағдайларға және басқа да факторларға байланысты Қордың Директорлар кеңесімен үрдісті негізде қаралып отырады.

Қор активтері



Инвестициялық портфельдің құрылымы



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Кадрлық мүмкіндікті дамыту Қор қызметінің стратегиялық дамуының негізгі бағытының бірі болып табылады. Қор жаңадан ашылып жатқан жұмыс орындарына үміткерлерді мұқият қабылдайды, әсіресе үміткерлердің банк-қаржы саласындағы еңбек өтіліне, білім сапасы, сонымен қатар негізгі компьютерлік бағдарламаларды қолдану деңгейі, мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерін меңгерген деңгейі сияқты факторларға назар аударады.

Есепті жылдың аяғында Қордың тұрақты қызметшілерінің саны 28 жетті, соның ішінде оны ғылым кандидаты немесе қаржы, экономика саласында магистр дәрежесіне ие.

Қор кадрлық мүмкіндікті дамытуға көп көңіл бөледі, соның ішінде келесі түрде жүзеге асырылатын қызметшілерді оқыту жұмыстары жүргізіледі:

- жаңа қызметшілерге арнайы таныстыру семинарлары мен презентациялар өткізіледі;
- депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы шеңберінде шетел ұйымдарымен өткізілетін халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысу;
- Қор қызметкерлері депозиттерді сақтандыру, сонымен қатар банктік және қаржылық қадағалау бойынша оқу курстарын қамтыған, депозиттерді сақтандыру ұйымдары мен қаржы нарығының реттеушілеріне арналған электронды онлайн оқу және ақпараттық ресурс болып табылатын FSI Connect интернет-сайтында оқу курстарын өтуде;
- іскерлік қатынасхаттарды мемлекеттік тілде жүргізуді дамыту мақсатында Қор қызметкерлеріне арнайы дайындалған курстар өткізіледі, және т.б.

Қор корпоративтік іс-шараларды үнемі өткізу арқылы ұйым ішінде қолайлы моральдық климатты белсене қолдайды. Сонымен қатар, барлық қызметкерлерге әлеуметтік пакет қарастырылған, оның ішіне жұмыс берушінің тарапынан медициналық сақтандыру кіреді.

Кадрлардың тұрақтамауы деңгейі 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 19,5%-ға айтарлықтай төмендеп, 3,6 % құрады.

Қор қызметкерлерінің сипаттамасы

Көрсеткіштер	2009 жылдың аяғында	2010 жылдың аяғында	2011 жылдың аяғында	2012 жылдың аяғында
Қор қызметкерлерінің саны	25	26	25	28
Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер (ғылым кандидаттары мен магистрлер)	5	8	9	10
Қызметкерлердің орташа жасы	36	34	35	35
Ер және әйел қызметкерлердің пайыздық ара-қатынасы	28% / 72%	31% / 69%	24% / 76%	29% / 71%

Қор қызметкерлерінің жас құрылымы (2012 жылдың соңына қарай)



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қор өз қызметінде үш түрлі бизнес-процестерді айқындайды:

1. Стратегиялық – Қордың басты міндеттерін жүзеге асыратын процестер,
2. Қосалқы – Қордың басты міндеттерінің орындалуын қолдайтын процестер,
3. Қормен орындалатын басқа процестер.

Бұл бизнес-процестерге тән тәуекелдер, олардың пайда болу көзіне және ықпал өрісіне байланысты бөлінеді. Негізгі тәуекелдер түрлері келесі төрт категорияларға жіктеледі: жүйелік тәуекелдер, стратегиялық тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер және операциялық тәуекелдер.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Қор қаржылық тиімділік пен активтерді басқарудың кірістілігін және шығындар мүмкіндігін анықтауды, басқармашылық және қаржылық ақпараттың дәйектілігін, уақтылығы мен толыққандығын қамтамасыз ету мақсатында өз қызметіне тән тәуекелдердің деңгейін бағалау жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады.

Осы бағалау жұмысын жүргізу мақсатында арнайы Қордың Тәуекелдерді басқару комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылды. Комитет құрамына құрылымдық бөлімдердің басшылары, Төрайымның орынбасарлары және Қор Төрайымы кіреді.

Комитеттің міндеттеріне стратегиялық, қосалқы және басқа бизнес-процестердің ірілендірілген матрицасын дайындау, сонымен қатар тәуекелдердің бірыңғай картасын дайындау кіреді. Бұдан басқа, жыл сайын Қор тәуекелдер деңгейінің тәуелсіз бағалауын алу үшін, сонымен қатар бизнес-процестердің орындалуын тексеретін ішкі бақылау жүйесінің бағалануын білу үшін тәуелсіз аудиторлық компанияны тартады.

Есепті жылы Тәуекелдерді басқару комитетімен 2012 жылдың 1 қыркүйегіне бизнес-процестердің жаңартылған матрицалары және Қордың тәуекелдері деңгейінің бағалануы қаралды. Келесі орта деңгейлі он тәуекелдер анықталды: ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі, арнайы резервінің жетіспеушілігі тәуекелі, тарату массасынан арнайы резерв қаражаттарының қайтарылмау тәуекелі, қызметкер тәуекелі және т.б., және жоғары деңгейлі екі тәуекелдер анықталды: есеп беру тәуекелі және Қор серіктестерінің ақпараттарды ұсынбау немесе дер кезінде ұсынбау, не қате ақпаратты ұсыну тәуекелі. Анықталған орта және жоғары деңгейлі тәуекелдер талданып, тәуекелдерді ықшамдау және басқару бойынша ұсыныстар мен іс-шаралар жоспары дайындалып, Қордың Директорлар кеңесінің қарауына тапсырылды. Атап айтқанда, Қормен өз активтерін инвестициялаған жағдайда арнайы резервінің жетіспеушілігінің пайда болуын болдырмау үшін Қор өзінің инвестициялық стратегиясын және инвестициялық портфелінің құрылымын жүйелі түрде қайта қарап отырады. Мәжбүрлі түрде таратылып жатқан банктің тарату массасынан арнайы резерв қаражаттарының, оның жетіспеуі жағдайында, қайтарылмау тәуекелінің пайда болуын алдын алу үшін Қор тарату процесін оңтайландыру және оның тиімділігін арттыру бөлігінде қолданыстағы заңнамаға түзетпелер енгізу бойынша ұсыныстар дайындауда. Банктердің депозиторлар тізімі бойынша қате немесе күмәнді ақпараттарды ұсыну тәуекелін ықшамдау үшін Қор Қосылу шартына сәйкес қатысушы банктерде кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін орнату жұмыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады, сонымен қатар, осы тәуекелдерді ықшамдауға міндеттелген жаңа ақпараттық жүйелерді дайындауда және енгізуде.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Халықаралық ынтымақтастық Қор қызметінің маңызды бағыты бола отырып, озық әлемдік тәжірибені зерттеу және қолдану негізінде отандық депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қор 2003 жылдан мүше болып келе жатқан Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (ДСЖХҚ) шеңберінде, Атқарушы кеңесінің, Басқару комитетінің, Зерттеу комитетінің, сонымен қатар Еуразиялық аймақтық комитетінің және Азия-Тынық мұхит аймақтық комитетінің жұмыстарына қатысты.

2007 жылдан 2012 жылға дейін Қордың Төрайымы Бақыт Мәженова ДСЖХҚ-ның Қазынашысы ретінде ДСЖХҚ-ның үш жылдық Бизнес-жоспарын дайындауда және ДСЖХҚ-ның бюджетін сәйкес қаржы жылдарына бекітуінде негізгі позиция-ны атқарды. Сонымен қатар, Төрайымның басшылығымен Атқарушы кеңестің қарауына ДСХЖҚ-ның Бюджеттік саясаты және Қауымдастықтың бірқатар ішкі құжаттары дайындалып ұсынылды.

Қор Еуразиялық аймақтық комитетіне басшылық ету кезеңінде (2010 жылдан 2012 жылға дейін) депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің аймақта дамуы үшін елеулі жұмыстар жүргізді. Осылайша, 2011 жылы ТМД мемлекеттерінің депозит-терге кепілдік беру ұйымдарының басшыларының қатысуымен жылдық жиналыс пен конференция өткізіліп, олармен өзара ынтымақтастық тұрақты түрде орнатыл-ды, Арменияның және Тәжікстанның депозиттерге кепілдік беру қорлары ЕААК-нің бақылаушыларына айналды, ал Қырғызстан Республикасының депозиттерді сақтау агенттігі ДСЖХҚ-на толық мүше ретінде кіруге дайындығын бастады. 2012 жылдың қазан айында белгіленген кезектілікке сәйкес ЕААК-нің Төрағасы өкілдігі Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қорына өтті.

Есепті жылы Қор ДСЖХҚ өткізген бірнеше зерттеулерге қатысып, халықаралық тәжірибені зерттеу және жинақтау үшін елеулі жұмыс жүргізді, соның ішінде: кепілдік берілген өтем, депозиторларға өтемді төлеу, жұртшылықты хабардар ету, банкротқа ұшыраған банктердің активтерінің құнынан төлем жүргізу, сақтандыру саласындағы алаяқтық фактілеріне және банктердің банкротқа ұшырауына қатысы бар тұлғалармен жұмыс жүргізу, проблемалы банкке қаржылай көмек көрсету мәселелері бойынша және т.б. зерттеулерге қатысты.

Қор өкілдері есепті жылдың ішінде проблемалы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу, ислам банктерінде ашылған депозиттерді тиімді кепілдендіру арқылы қаржы тұрақтылығын қолдау мәселеріне, сонымен қатар жеке құқықтық мәселелерге арналған халықаралық конференцияларға және тренинг-семинарларға қатысты.

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Банк депозиттерінің кепілдендірілгендігі жөнінде халықтың жоғары деңгейде хабардар болуы Қордың заңнамаға сәйкес негізгі мақсатын – халықтың мемлекеттің банк жүйесіне деген сенімін қолдау – жүзеге асырудың кепілі болып табылады. Бұдан басқа, депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкес, мемлекеттің халқы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімді қызмет етуі үшін оның артықшылықтары мен шектеулері жайында хабардар болуы керек.

Халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы Қормен үздіксіз жүргізіліп отырады. Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметі және Қор қызметі туралы, қатысушы банкті мәжбүрлі түрде тарату жағдайында кепілдік берілген өтемді төлеу тәртібі мен шарттары туралы халықты хабардар ету үшін Қор әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын қолданады: бейнероликті телеарналарда орналастыру, аудиороликті радиода орналастыру, баспасөз басылымдарында мақалалар мен ақпараттық хабарламаларды жариялау, «шұғыл желі» телефон нөмірі арқылы халыққа кеңес беру және т.б.

Есепті жыл ішінде Қор басшылары мен қызметкерлері «Хабар», «Caspionet», «МирТВ» телеарналарында көрсетілген ақпараттық-түсіндіру телебағдарламаларына және жаңалықтар сюжеттерінің түсіріліміне қатысты. Сонымен қатар, «Хабар», «Ел-Арна», «Астана» республикалық телеарналарында Қормен халықтың банктердегі депозиттерінің кепілдендірілгендігі туралы сұрақтарды түсіндіретін мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалған бейнеролик көрсетілді.

Халықтың банктегі депозиттерінің кепілдендірілгендігі туралы, қолданыстағы кепілдік берілген өтем мөлшері және Қордың «шұғыл желі» телефон нөмірі туралы ақпараттандыру «Қазақ радиосы», «Тенгри ФМ» және «Радио NS» радиостансаларының эфирінде 30 секундтық аудиороликті орналастыру арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, бірқатар арнайы мақалалар республикалық және облыстық газеттерде жарияланды.

Қазақстандық қаржы жүйесінің даму процесін жан жақты түсіндіру кампаниясының шеңберінде Қор басқа да қаржы ұйымдарымен, соның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру және аудиторлық компаниялар, Central Asia Finance және World Finance Review мамандандырылған журналдарында бірқатар мақалаларды жариялады.

Қор депозиттерге кепілдік беру мәселелерін түсіндіретін ДКБЖ-не қатысушы банктердің клиенттері арасында тарату үшін арнайы мамандандырылған полиграфиялық баспа өнімдерін жүйелі түрде дайындап шығарады.

Қормен жыл сайын Қорға «шұғыл желі» телефон нөмірі арқылы жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар жиналған «Депозиттерге кепілдік беру туралы Сіз не білуіңіз қажет» салымшы жаднамасы шығарылады. Бұл жаднамаларды Қор ДКБЖ-не қатысушы банктерге өздерінің салымшылары арасында тарату үшін жібереді.

Есепті жыл ішінде Қор мамандары депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша халыққа «шұғыл желі» телефоны арқылы мағлұмат берді, бір жыл ішінде 3000 жуық қоңырау келіп түсті.

Сонымен қатар, хат арқылы және электрондық поштаға келіп түскен сұрақтарға жауаптар берілді.



Депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы толық ақпарат Қордың www.kdif.kz интернет-ресурсында берілген. Мұнда ДКБЖ бойынша заңнамалық актілерді, Қор туралы мәліметтерді, депозит нарығының жағдайы туралы мәліметтерді, ДКБЖ-не қатысушы банктер туралы ақпаратты, мәжбүрлі түрде таратылып жатқан қатысушы банктер туралы мәліметтерді, жаңалықтар мен хабарламаларды, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды және қатысушы банктер мен олардың салымшыларына арналған басқа да пайдалы ақпараттарды таба аласыз. Сонымен қатар, «кері байланыс» жүйесі арқылы Қор мамандарына ДКБЖ-не байланысты кез келген сұрақ қоюға болады.

ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ - 2012

Тарату процесі және кепілдік берілген өтемді төлеу	«Валют-Транзит Банк» АҚ және «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ кредиторлар комитетінің отырыстарына қатысу «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясы Қорға оның талаптарының 49,43% өтеді, «Наурыз Банк Казақстан» АҚ тарату комиссиясы Қорға оның талаптарының 88% өтеді 2012 жылы «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның 9 салымшыларына 1,2 миллион теңге өтем төленді
Заңнаманы жетілдіру	Келесі заңнамалардың жобасын дайындауға қатысу: Қазақстан Республикасының Қаржы Кодексінің жобасы
	Қазақстан Республикасының келесі Заңдарының жобалары: «Мемлекеттік міндетті зейнетақы жинақтау жүйесі туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы», Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы, салық салу мәселелері бойынша, соның ішінде «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға жасалған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының келесі қаулылары: * «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрылтайшысы (уәкілетті орган) немесе акционері болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттеу жөніндегі ережені бекіту туралы»; * «Кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелер қабылдайтын қатысушы (қатысушылар) банктегі (банктердегі) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның заемдар беру және депозиттерді орналастыру қағидаларын бекіту туралы»; * «Екінші деңгейдегі банктерді консервациялау және банкті басқару (банктің уақытша басқарушысы) жөніндегі уақытша әкімшіліктің банктің жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру бойынша операцияны жүзеге асыруы туралы ережені бекіту туралы»; * «Акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларының тізімін ұсыну туралы»
	Қор қаржылық ұйымдарды тарату рәсімін жетілдіру, тарату өндірісіндегі арнайы резервтен келтірілген шығындар бойынша Қор талаптарын орындау кезектілігі мәселелерін реттеу, Қазақстан Республикасының тұрақты банкті құру және оның қызмет етуі мәселелері, банктің басқа банкке бір мезгілде активтерді және міндеттемелерді беру операциясы, банктерді консервациялау және қаржы ұйымдарын уақытша басқармасының құрамы бойынша Заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар жасау бойынша құрылған жұмыс топтарының құрамына кірді

ДКБЖ-н жетілдіру	Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкестігін бағалау жұмыстары жүргізілді
	Кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін тексеру 14 қатысушы банктерде жүргізілді
	Қордың өз қызметіне байланысты, 2012-2016 жылдардағы мерзімге Қордың Стратегиялық даму жоспарының шеңберінде, және операциялық қызметтерінің: Қосылу шарты, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесі, Қосылу шартымен белгіленген қатысушы банктерде кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін орнату ережесі, Мәжбүрлі түрде таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеу ережесі сұрақтарына қатысты Қордың ішкі нормативтік құжаттары мен процедураларын жетілдіру бойынша жұмыстар атқарылды
ДКБЖ-не қатысушы банктердің құрамындағы өзгерістер	«Метрокомбанк» АҚ атауын «ForteBank» АҚ деп өзгертті
	Депозиттерді қабылдау және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу бөлігінде «Bank RBK» Банкі» АҚ және «ТАИБ Қазақ Банкі» Еншілес Банкі АҚ банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензияларының қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатылды
Депозит нарығын реттеу	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелері өзгертілді: 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап ұлттық валютада 10%-дан 9%-ға, шетел валютасында 7%-дан 6%-ға (12.04.2012 ж. №3 хаттама) 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап шетел валютасында 6%-дан 5,5%-ға (06.11.2012 ж. № 7 хаттама)
Конференцияларға, семинарларға, тренингтерге қатысу	ДСЖХҚ-ның Атқарушы комитетінің 35-ші жиналысына қатысу (ақпан, Стамбул, Түркия)
	Қор өкілі ДСЖХҚ-ның Еуропа аймақтық комитетінің «Еуропадағы ДКБЖ-нің өзара әрекеттестігін реттейтін негізгі құқықтық шарттары» семинарында сөз сөйледі (сәуір, София, Болгария)
	ДСЖХҚ-ның АТМАК-нің 10-шы жылдық жиналысына және конференциясына «Банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу және салымдарға кепілдік беру жүйесі туралы халықты хабардар ету» қатысу (маусым, Мәскеу, Ресей)
	ДСЖХҚ-ның Атқарушы комитетінің 36-шы жиналысына қатысу (маусым, Вашингтон, АҚШ)
	«Проблемалы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу: заманауи жетістіктер, міндеттер және мүмкіндіктер» семинарына қатысу (тамыз, Базель, Швейцария)
	ДСЖХҚ-ның ЕААК-нің бесінші жылдық жиналысына және депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкестігін бағалау мәселелері бойынша семинарға қатысу (тамыз, Баку, Әзірбайжан)
	Депозиттерді Сақтандырушы ұйымдардың Европалық Форумының жылдық жиналысына қатысу (қыркүйек, Женева, Швейцария)
	ДСЖХҚ-ның он екінші жалпы жылдық жиналысына және конференциясына қатысу (қазан, Лондон, Ұлыбритания)
	Депозиттерді сақтандыру жүйесінің құқықтық жүйесін және жеке құқықтық мәселелерін дамыту мәселелері бойынша семинарына қатысу (қараша, Сеул, Корея)
	«Ислам банктерінде ашылған депозиттерді тиімді кепілдендіру арқылы қаржы тұрақтылығын қолдау» 4-ші ислам депозиттерін сақтандыру семинарына қатысу (қараша, Джокьякарта, Индонезия)

АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«ТАК «Центраудит-Казахстан» ЖШС
Директоры
(аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы МФЮ № 0000017,
1999 жылдың 27 желтоқсанында берілген)
________________В.В. Радостовец
2013 жылғы 20 ақпан

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның акционеріне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Біз ұсынылған «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша «Қоғам»), қаржылық есептілігі аудитін жүргіздік, оның құрамына 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұны және басқа да түсініктемелік ескертпелер кіреді.

Қаржылық есептілік бойынша Қоғам басшылығының жауапкершілігі

Қоғам басшылығы осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленуіне және шынайы ұсынылуына, сонымен қатар Қоғам басшылығы алаяқтық немесе қате жіберу нәтижесінде маңызды бұрмалауды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету үшін жауапты.

Аудитордың жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы айтылған пікірімізге жауаптымыз. Біз аудитті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, сондай-ақ аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігіне жеткілікті түрде сенімді болатындай жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит ұсынылған қаржы есептілігіндегі сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдердің орындалуынан тұрады. Рәсімдерді таңдау аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Осы тәуекелді бағалау кезінде аудиторлар, кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауға және оны шынайы түрде беруге қатысты ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды қарастырады. Аудит сонымен қатар, таңдалған есептік саясаттың орындылығын және Қоғам басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және қаржы есептілігінің жалпы ұсынылуын бағалаудан тұрады.

Біз, біздің тарапымыздан алынған аудиторлық дәлелдемелер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

Пікір

Біздің пікіріміз бойынша, Қоғамның қаржылық есептілігі 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайының бүкіл маңызды жақтарын, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері мен қаржы қозғалысының Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігін шынайы көрсетеді.

«Центраудит-Қазақстан» ТАК ЖШС Аудиторы Пяткова И.Б.
(аудитордың біліктілік куәлігінің №0000320, 02.05.1997 ж. берілген)

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғ., 19, «Нұрлы-Тау» бизнес-орталығы
1 Б корпусы, 301-302 офис

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

мың теңге

	2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты мен баламасы	3,556,426	9,477,107
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері	275,507,611	231,633,677
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	775,234
Басқа қаржылық активтер	3,172,324	1,981,518
Басқа активтер	9,074	16,347
Кейінге қалдырылған салық активі	2,794	5,987
Негізгі құрал-жабдықтар	9,942	4,868
Материалдық емес активтер	10,100	2,103
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	**282,268,271**	**243,896,841**
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	146,410,000	133,100,000
Бөлінбеген пайда	9,678,603	8,337,541
Қайта бағалау бойынша резерв	(2,057,710)	6,759,410
Резервтік капитал	1,331,000	1,210,000
Арнайы орналастыру резерві	126,878,024	94,458,425
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	**282,239,917**	**243,865,376**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	3,221	-
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар мен төлемдер бойынша міндеттемелер	1,699	-
Басқа қаржы міндеттемелері	2,419	1,611
Басқа міндеттемелер	21,015	29,854
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	**28,354**	**31,465**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	**282,268,271**	**243,896,841**

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

мың теңге

	2012	2011
Пайыздық кірістер	9,303,663	8,370,462
Пайыздық шығындар	(19,932)	(55,700)
Таза пайыздық кірістер	9,283,731	8,314,762
Қатысушы банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кіріс	24,203,058	20,949,105
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындар шегерілген кірістер	790,885	280,435
Басқа операциялық кірістер	813	4,194
Жалпы және әкімшілік шығындар	(278,138)	(230,665)
Салық салуға дейінгі пайда (шығын)	34,000,349	29,317,831
Табыс салығы бойынша шығындар	(118,688)	(31,185)
Бір жылғы пайда (шығын)	33,881,661	29,286,646
Қатысушы банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кірісті арнайы орналастыру резервіне міндетті бөлу	(24,203,058)	(20,949,105)
Міндетті бөлуден кейінгі пайда	**9,678,603**	**8,337,541**
Басқа жиынтық кіріс		
Сатуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалаудан болған пайда (шығын)	(8,817,120)	259,347
Басқа жиынтық кіріс (шығыс) жиыны	(8,817,120)	259,347
Акционерге тиесілі корпоративтік табыс салығын шегергенде, бір жылғы жиынтықты кіріс (шығын)	**861,483**	**8,596,888**

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (тікелей әдіс)

мың теңге

	2012	2011
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	31,598,117	28,578,646
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	21,097,827	20,346,703
Тарату комиссиясының түсімі	1,915,000	638,000
Банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақының түсімі	6,229	12,933
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері бойынша алынған сыйақы	7,911,128	7,576,638
«Кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алу	1,473	-
Корпоративтік табыс салығын өтеу	664,556	
Басқа түсімдер	1,904	4,372
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының шығарылуы, барлығы	(275,812)	(385,247)
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төленген төлемдер	(111,505)	(89,859)
Іс-сапар шығындары бойынша төлемдер	(6,430)	(5,495)
Жұмыскерлерге сыйақы төлеу	(115,166)	(91,759)
Төленген корпоративтік табыс салығы	-	(161,364)
Басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	(40,856)	(34,434)
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу	(1,214)	(2,336)
Басқа шығарылымдар	(641)	-
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	31,322,305	28,193,399
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	117,730,967	145,276,724
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді сатудан түскен түсім	116,531,967	145,276,724
«Кері РЕПО» операцияларының түсімі	1,199,000	
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының шығарылуы, барлығы	(168,322,967)	(193,271,916)
Негізгі құрал-жабдықтарды иелену	(6,478)	(2,481)
Материалдық емес активтерді иелену	(10,285)	-
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін иелену	(167,107,204)	(193,269,435)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша шығару	(1,199,000)	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	(50,592,000)	(47,995,192)
III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	13,310,000	12,100,000
Жай акциялар эмиссиясы	13,310,000	12,100,000
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	13,310,000	12,100,000
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза өзгерісі	(5,959,695)	(7,701,793)
Шетел валютасындағы ақша қаражаттары және олардың баламаларының сальдосына айырбастау бағамының өзгеруінің тигізген ықпалы	39,014	86,658
Есеп беру кезеңінің басында ақша қаражаттары және олардың баламалары	9,477,107	17,092,242
Есеп беру кезеңінің соңында ақша қаражаттары және олардың баламалары	3,556,426	9,477,107

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

мың теңге

	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Резервтік капитал	Арнайы орналастыру резерві	Бөлінбеген пайда (шығын)	Жалпы капитал
2011 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	**133,100,000**	**6,759,410**	**1,210,000**	**94,458,425**	**8,337,541**	**243,865,376**
Кезеңдегі пайда					9,678,603	9,678,603
Кезеңдегі басқа жиынтық кіріс (шығын)	-	(8,817,120)	-	-	-	(8,817,120)
Кезеңдегі жиынтық кіріс (шығын)		(8,817,120)			9,678,603	861,483
Акциялар эмиссиясы	13,310,000	-		-	-	13,310,000
Резервтік капиталды құру	-	-	121,000	-	(121,000)	-
Арнайы өтеу резервін құру	-	-	-	8,216,541	(8,216,541)	-
Қатысушы банктердің жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен пайда болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу	-	-	-	24,203,058	-	24,203,058
2012 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	**146,410,000**	**(2,057,710)**	**1,331,000**	**126,878,024**	**9,678,603**	**282,239,917**
2010 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	**121,000,000**	**6,500,063**	**1,100,000**	**65,611,693**	**8,007,627**	**202,219,383**
Кезеңдегі пайда					8,337,541	8,337,541
Кезеңдегі басқа жиынтық кіріс (шығын)	-	259,347	-	-		259,347
Кезеңдегі жиынтық кіріс (шығын)		259,347			8,337,541	8,596,888
Акциялар эмиссиясы	12,100,000	-	-	-	-	12,100,000
Резервтік капиталды құру	-	-	110,000	-	(110,000)	-
Арнайы өтеу резервін құру	-	-	-	7,897,627	(7,897,627)	-
Қатысушы банктердің жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен пайда болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу	-	-	-	20,949,105	-	20,949,105
2011 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	**133,100,000**	**6,759,410**	**1,210,000**	**94,458,425**	**8,337,541**	**243,865,376**

ҚАРЖЫ ЕСЕБІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан былай – Қор), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы №393 қаулысының негізінде құрылған.

Қордың есеп саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленген.

31.12.2012 жылға Қор активтері 282 268 270,88 мың теңгені құрайды.

Негізгі құрал-жабдықтар бойынша тозуды есептеу кезінде – тік желілік әдіс қолданылады. Есепті кезеңде сатып алынған негізгі құрал-жабдықтардың сомасы 7 959 616,00 теңгені және материалдық емес активтердің сомасы 10 285 170,00 теңгені құрайды. Ұзақ мерзімді жалға алынатын негізгі құрал-жабдықтар жоқ. Аяқталмаған құрылыс жоқ.

Еншілес және тәуелді ұйымдар жоқ.

Жылжымайтын мүлікке инвестициялар жоқ.

Тауар-материалдық қорларды бағалау әдісі – орташа алынған құн әдісі.

Дебиторлық берешек сомасы 7 518 784 040,12 теңгені құрайды. Кредиторлық берешек 28 354 163,54 теңгені құрайды.

Күмәнді талаптар жоқ.

Қаржы инвестициялары сату үшін жарамды болып жіктеледі. Қордың қаржы инвестицияларын мемлекеттік бағалы қағаздар құрайды (Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің бағалы қағаздары, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ облигациялары, ҚРҰБ ноталары, АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары). 31.12.2012 жылға қаржы инвестициялары 271 165 220,61 мың теңгені құрады.

Меншікті капитал бөліміндегі қозғалыс қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарынан және ликвид көлеміндегі өтеу сомалары есебінен болды.

Заемдар жоқ.

Дивидендтер есептелмейді.

2012 жылғы кіріс 14 447 621 697,63 теңгені құрады. Есепті кезеңге өзге және жалпы әкімшілік шығыстар 4 650 828 684,69 теңгені құрады.

Есепті кезеңдегі таза табыс 9 678 601 677,85 теңге.

01.01.2013 жылға мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығының сомасы 2 793 470,00 теңге.

Төрайым	Мәженова Б.М.
Бас бухгалтер	Пичитаева А.А.